

Пластмасса қалдықтарын өңдеу және пайдалану

Орындаған: Акиолданова Ж

Тексерген: Бликс А.А

Группа: АГ-701

Семей, 2018

Жоспар:

I.Кіріспе

II.Негізгі бөлім

1. Пластмассалар дегеніміз не?

2. Пластмасса қалдықтарын қайта өңдеу және пайдалану

III.Қорытынды.

IV.Пайдаланылған әдебиеттер.

Кіріспе:

«Қоқыс қалдықтарды қайта өңдеу қаланың өзекті проблемасының бірі болып қалып отыр. Әлемдегі жетекші елдердің тәжірибесі көрсеткендей, бұл проблеманы оңтайлы шешуге толық мүмкіндік бар. Мәселен, Швейцарияда әрбір тұрғын қоқысты сұрыптап төгуге міндетті: шыныны шыныға, металды металға, қағазды қағазға. Соның нәтижесінде, шыны зауыттардың 90 пайызы, қағаз өнімдерінің үштен бірі қайта өңдеуге пайдаланылады. Осыдан келіп, Швейцария мен Сингапур сияқты елдер әлемдегі экологиялық ең таза мемлекеттердің қатарында есептеледі. Ал, бізде Алматыдағы қоқыс өңдейтін жалғыз кешен бір жылдан бері жұмыс істемей тұр...».

Пластмассалар

Пластмассалар, пластикалық материалдар — құрамында бұйымдарды дайындау кезінде созылғыштық немесе жоғары иілгіштік, пайдалану барысында шыны тәріздес немесе кристалдық қалпын сақтайтын полимер бар материалдар. Пластмассалар шыны тәрізді немесе кристалды, диэл. қасиеті жоғары, атмосфера әсеріне тұрақты, мех. жағынан берік болады. Пластмассалардың кез келгенінің (шайыр мен қарамай негізді Пластмассаларды қоспағанда) түп негізін полимерлер құрайды. Мысалы, фенол-фармальдегидті Пластмассалар, поливинилхлоридті Пластмассалар, т. б. аталуы да Пластмассаларға байланысты алынған. Полимерлерден басқа Пластмассалардың құрамына пластификаторлар, толықтырғыштар, стабилизаторлар, бояғыш заттар енеді. Макромолекуласы сызықтық, тармақталған немесе торланған құрылымды болады. Пластмассалар гомогенді (бір фазалы) немесе гетерогенді (көп фазалы) материалдар болуы мүмкін. Гомогенді Пластмассаларда полимер материалдың қасиетін анықтаса, гетерогенді Пластмассаларда полимер байланыстырғыш қызметін атқарады, қалған құрам бөліктері өз бетінше жеке фазалар түзеді.

Пластмассалар



Пластмасса қалдықтарын қайта өңдеу:

Пластмассаның теріс әсерлерінен құтылудың ең ықпалды әдісі – қайта өңдеу. Қалдыққа айналған пластмасса бұйымдар ерітіліп, қайтадан қолдану үшін шикізат болады. Осы әдіс табиғаттың ластануының да алдын алады, экономикалық жағынан да едәуір тиімді. Қайта өңделген пластмасса бірінші шикізатқа карағанда арзан және өндірісі барысында да аз энергия жұмсалады. Бір тонна пластмасса қалдықты қайта өңдеу энергияны 95 пайыз үнемдейді.

Қайта өңдеудің тиімділігі қалдықтың өз жерінде жіктелуінде. Үйлерде немесе жұмыс орындарында шығатын пластмасса қалдықтары қоқыстарға араластырылмау керек, бөлек жиналып, арнайы жерлерге табысталуы керек. Осылайша пластмассаның басқа қоқыстармен табиғатқа тасталуының алды алынады.

Пластмасса қалдықтарының қоқыс емес екенін ұмытпауымыз керек.

Жылына жалпы қоқыстың 1/3 бөлігін
пластик заттар құрайды. Қайта өңдеу
кезінде ластану 40% азаяды



Пластмассаларды кайта өңдеуден өткізу техникалары



Пластмасса қалдықтардың жалпы сипаттамасы және оларды кәдеге асыру мен залалсыздандырудың әдістерінде қолданылатын механикалық, гидродинамикалық, физика-механикалық, химиялық және биохимиялық үдерістері қарастырылған. Қалдықтарды қайта өңдеу және олардан бағалы шикізат пен материал алудың технологиясы толығымен берілген.

Пластмассаның байланыстырушы заттарының табиғатына қарай оларды екі класқа бөлуге болады: синтетикалық шайыр негізіндегі пластмассалар; түрі өзгерген табиғи полимерлер (негізінен целлюлезалалық эфирлер) негізіндегі пластмассалар.

Қорытынды:

ҚР –ның президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан жолы -2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» жолдауында елдің дамуындағы негізгі тапсырмаларды және одан шығу жолдарын анықтады. Негізгі бағытының бірі қалдықтарды басқару жүйесін жетілдіру. Жас ұрпақты тәрбиелеу, оларды өмір сүруге тіршілік жауапкершілігіне бейімдеу болып табылады. Сондықтан бұл тәрбие жүйесінің дұрыс қалыптасуы оның болашақ өмір сүруіне дұрыс бағдар болуы тиіс. Аталған жүйе болашақ ұрпақтың дұрыс өмір сүруінің негізін қалайды. Яғни аталған мәселеге елімізде білімді де, дені сау ұрпақ жалғасын өсірудегі маңызды да өзекті мәселелерінің бірі болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- “Қалдықтарды сақтау қата өңдеу және кәдеге асыру” М.М Абдибаттаева Алматы 2013
- Ғ. Сағымбаев. Экология негіздері.
- *<https://kk.wikipedia.org/wiki/>*

Назарларыңызға рахмет!